

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қазандағы № 640 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 865 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 865 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 58, 550-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі туралы ережеде:

1-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тілдерді дамыту, мемлекеттік рәміздер, архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету, электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер, дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет салаларындағы басшылықты, салааралық үйлестіруді және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.";

13-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.";

2-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Министрліктің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Министрліктің миссиясы:

мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тілдерді дамыту, мемлекеттік рәміздер, архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету, электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер, дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу.";

15-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тілдерді дамыту, мемлекеттік рәміздер, архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету, электрондық құжат айналымы мен электрондық архивтер, дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және іске асыру;"

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Функциялар:

орталық аппараттың функциялары:

1) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тілдерді дамыту, мемлекеттік рәміздер, архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету, электрондық құжат айналымы мен электрондық архивтер, дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

2) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру;

3) Қазақстан Республикасының халқы мәдениетінің дамуы үшін жағдайлар жасау;

4) халықаралық мәдени ынтымақтастық және архив ісі саласындағы қызметті жүзеге асыру және үйлестіру, отандастармен мәдени байланыстарды дамытуға жәрдемдесу;

5) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру, сондай-ақ келісімдер, меморандумдар және шарттарды, оның ішінде Министрлік реттейтін салада халықаралық шарттарды әзірлеу және жасасу;

6) архив ісі бойынша халықаралық ұйымдарда, халықаралық спорт ұйымдарында және халықаралық спорттық іс-шараларда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ету;

7) Қазақстан Республикасының аумағында мәдени құндылықтарды есепке алу, қорғау, консервациялау, реставрациялау және пайдалану жөніндегі, сондай-ақ елдің көрнекті мәдениет қайраткерлерін мәңгі есте қалдыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;

8) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру;

9) мемлекеттік меншіктегі тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарының орындалуын бағалау нормативтерін бекіту;

10) мәдениет саласында әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өткізу;

11) шығармашылық қызметтің әртүрлі салаларында ұлттық (республикалық) және халықаралық конкурстар мен фестивальдар, сыйлықтар мен жүлделер тағайындау;

12) республикалық конкурстар мен фестивальдар өткізудің үлгі қағидаларын әзірлеу және бекіту;

13) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тілдерді дамыту, мемлекеттік рәміздер, архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету, электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер, дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, бекіту;

14) туристік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту;

15) туристерді орналастыру орындарын жіктеу қағидаларын бекіту;

16) туристік қызмет саласындағы мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту;

17) туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту;

18) туристік қызмет көрсетудің үлгі шартын бекіту;

19) турагент, гид (гид-аудармашы), экскурсовод және туризм нұсқаушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламаға қосымшаға мәліметтер нысандарын бекіту;

20) туристік операторлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

21) туризм саласындағы мамандарды кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға қойылатын жалпы талаптарды айқындау;

22) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жартыжылдық тексеру жүргізу кестелерін бекіту;

23) туризм жөніндегі кеңестің дербес құрамын және ол туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсыну;

24) мәдениет саласындағы ғылыми бағдарламаларды әзірлеу, бекіту;

25) талантты жастарды және перспективалы шығармашылық ұжымдарды, оның ішінде жастар ұжымдарын іздестіру мен қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;

- 26) көтермелеудің салалық жүйесін әзірлеу және бекіту;
- 27) Министрлік реттейтін салаларда мемлекеттік ұйымдар қызметкерлерінің санаттарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;
- 28) көркемөнерпаздар ұжымдарына "Халықтық" (үлгілі) атағын беру ережесі мен тәртібін әзірлеу және бекіту;
- 29) Министрлік реттейтін салаларда мемлекеттік ұйымдар қызметкерлерін аттестаттау қағидаларын бекіту;
- 30) мемлекеттік мәдениет ұйымдарының мәдениет қызметкерлерін аттестаттау және мерзімінен бұрын аттестаттау қағидаларын бекіту;
- 31) Қазақстан Республикасының музей қорын қалыптастыру және күтіп-ұстау тәртібін бекіту;
- 32) Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару нұсқаулығын әзірлеу және бекіту;
- 33) мемлекеттік музейлерде қор-сатып алу (қор-іріктеу) комиссиясын құру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 34) Қазақстан Республикасының мемлекеттік музей қоры каталогін жүргізу қағидаларын және музей дерекқорын жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 35) Қазақстан ұлттық электрондық кітапханасын қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 36) салалық көркемдік кеңестер құру және олар туралы ережелерді бекіту;
- 37) мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптау комиссиясы туралы үлгі ережені бекіту;
- 38) мемлекеттік кітапханалардың кітапхана қорын қалыптастыру, сақтау және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 39) мемлекеттік кітапханалардың кітапхана қорын есепке алу және есептен шығару жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;
- 40) мүгедек немесе егде жастағы адамдар үшін сырттай және стационарлық емес қызмет ету нысандары арқылы кітапхана қорларына қол жеткізу қағидаларын бекіту;
- 41) музейдің сақтау қоймасындағы музей заттары мен музей коллекцияларына қол жеткізу қағидаларын бекіту;
- 42) мәдени-демалыс ұйымдары қызметінің тәртібін бекіту;
- 43) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Министрлік реттейтін салаларда әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту;
- 44) Қазақстан Республикасының допингке қарсы қағидаларын бекіту;
- 45) оқу-жаттығу процесі мен спорттық іс-шаралар кезеңінде спортшыларды, оның ішінде барлық санаттағы әскери қызметшілерді және құқық қорғау және

арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тамақтандыру және фармакологиялық қамтамасыз ету нормативтерінің әдістемесін бекіту;

46) дене шынықтыру және спорт сабақтарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын бекіту;

47) спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптарын бекіту;

48) республикалық аккредиттелген спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша жаттықтырушыларға және спорт төрешілеріне аттестаттау жүргізу қағидаларын бекіту;

49) спорттық атақтар, разрядтар және біліктілік санаттарын беру қағидаларын бекіту;

50) жарыстар түрлерінің, оқу-жаттығу жиындарының тізбесін бекіту және олардың сыныптамасын айқындау;

51) спорттық іс-шараларды өткізу қағидаларын бекіту;

52) спортшының бір дене шынықтыру-спорт ұйымынан басқа дене шынықтыру-спорт ұйымына ауысу қағидаларын бекіту;

53) спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының құрама және штаттық құрама командаларының (спорт түрі бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамын қалыптастыру қағидаларын бекіту;

54) спорт резерві және жоғары дәрежедегі спортшыларды даярлау бойынша оқу-жаттығу процесін жүзеге асыратын дене шынықтыру-спорттық ұйымдарда спорттың түрлері бойынша спортшылардың жас шамасын бекіту;

55) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігуі кезіндегі өтемақы төлемдерін берудің қағидаларын бекіту;

56) спорт түрлерін, спорт пәндерін тану және спорт түрлерінің тізілімін қалыптастыру қағидаларын бекіту;

57) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту;

58) оқу-жаттығу процесі, спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жүзеге асырылатын дене шынықтыру-спорт ұйымдары үшін үлгілік штаттарды бекіту;

59) спорт мектептеріне және спорт мектептерінің бөлімшелеріне "мамандандырылған" мәртебелерін беру қағидаларын бекіту;

60) спортшыларға, жаттықтырушыларға, дене шынықтыру және спорт саласының мамандары мен дене шынықтыру-спорт ұйымдарына "Үздік" номинациясында атақтар беру қағидаларын бекіту;

61) спорт резерві мен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын дене шынықтыру-спорт ұйымдары түрлерінің тізбесін және олардың қызметі қағидаларын бекіту;

62) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша республикалық олимпиада резервінің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерінің және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттар қызметінің қағидаларын бекіту;

63) республикалық олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерінің, спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттардың жаттықтырушы-оқытушылары үшін спорт түрлері бойынша білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту және олимпиадалық резервтің республикалық мектеп-интернат-колледждерінің оқу бағдарламаларын келісу;

64) олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерінің және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттардың жаттықтырушы-оқытушылары үшін спорт түрлері бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту және республикалық олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерінің оқу жоспарларын келісу;

65) жоғары дәрежелі спортшылармен, жоғары дәрежелі спортшыларды даярлауды жүзеге асыратын жаттықтырушылармен және дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандармен спорттық қызмет туралы шарттар бойынша ақша төлемінің мөлшерін бекіту;

66) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мүгедек спортшыларға сыныптау жүргізу тәртібі мен шарттарын бекіту;

67) спортшыны тіркеу туралы куәлікті беру және ауыстыру, спорт федерацияларының спортшыны тіркеу туралы мәліметтерді ұсыну тәртібін, сондай-ақ спортшыны тіркеу туралы куәліктің нысанын бекіту;

68) спорт жарыстарына қатысу үшін спортшыларды медициналық зерттеп тексеру тәртібін бекіту;

69) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша спорттық іс-шараларды өткізу кезінде, спортшылардың қарқынды дене жүктемелерінен, ауыруынан және жарақаттануынан кейін қалпына келтіру іс-шаралары кезеңінде спортшылар мен жаттықтырушыларды медициналық қамтамасыз ету және оларға медициналық көмек көрсету тәртібін бекіту;

70) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша спорттық медицина ұйымдарының құрылымын және олардың қызметі туралы ережелерді әзірлеу және бекіту;

- 71) Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының тестілерін өткізу қағидаларын бекіту;
- 72) спорт федерацияларын аккредиттеу қағидаларын бекіту;
- 73) спорт түрлерінде пайдаланылатын жануарлар мен құстардың жем-азығы нормативтерін бекіту;
- 74) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша спорт саласындағы білім беру ұйымдарының қызметі туралы қағидаларды бекіту;
- 75) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын спорт саласындағы білім беру ұйымдарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлау бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыруға қатысу;
- 76) дене шынықтыру және спорт саласындағы кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту;
- 77) спорттың басым түрлерінің республикалық тізбесін бекіту;
- 78) Қазақстан Республикасында спорт түрлерін саралау қағидаларын бекіту;
- 79) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдар өткізетін спорттық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлері үшін жүлделер құнының мөлшерін бекіту;
- 80) сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгі құжаттар тізбесін бекіту;
- 81) халықаралық және республикалық маңызы бар, мемлекеттік меншік болып табылатын тарих және мәдениет ескерткіштерін, жергілікті маңызы бар, республикалық меншік болып табылатын тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беруді келісу;
- 82) архивтік құжаттарды, архив қорлары мен коллекцияларын Ұлттық архив қорының құрамына жатқызу, сондай-ақ оларды оның құрамынан шығару туралы шешім қабылдау;
- 83) заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамаларды жасау;
- 84) республикалық мәдениет ұйымдарын аттестаттауды жүргізу;
- 85) тарих және мәдениет ескерткіштерінің орнын ауыстырған немесе өзгерткен кезде оларды ғылыми зерделеу және тіркеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 86) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың объектілерді Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу туралы өтінішхаттарын қарау;
- 87) Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін және Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізбесін жүргізу;

88) ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін және материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізбесін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

89) мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, жеке және заңды тұлғалардың ұсынысы бойынша Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне және ЮНЕСКО-ның шұғыл қорғауын қажет ететін материалдық емес мәдени мұра тізіміне Қазақстан халқының материалдық емес мәдени мұра элементтерін енгізу туралы өтінімдер жіберу;

90) Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

91) қалалар мен басқа да елді мекендерді жоспарлау, салу және реконструкциялау жобаларын, сондай-ақ тарих және мәдениет ескерткіштері бар жерді пайдалану карталарын келісу;

92) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен ұлттық фильмдер жасау;

93) Фильмдердің мемлекеттік тізілімін жүргізу;

94) фильмдерге прокаттау куәліктерін беру және оларды сот тәртібімен кері қайтарып алу;

95) республикалық мемлекеттік мәдениет ұйымдары басшыларының, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары басшыларының мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға "Академиялық" мәртебесін беру туралы ұсыныстарын қарау және Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға "Академиялық" мәртебесін беру туралы ұсыныстар енгізу;

96) жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткішінің орнын ауыстыруға немесе өзгертуге келісім беру;

97) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялық жұмыстардың орындалуын бақылау;

98) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану және күтіп-ұстау тәртібін бақылау;

99) монументті өнердің жаңа құрылыстарының орнатылуын бақылау;

100) Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы заңнамасының орындалуын бақылау;

101) лицензиаттың лицензияда көрсетілген шарттарды сақтауын бақылау;

102) жеке және заңды тұлғалардың тарих және мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіруін бақылау;

103) театр, музыка өнерін, кинематографияны, кітапхана және музей ісін дамыту жөніндегі республикалық маңызы бар мемлекеттік мәдениет, дене шынықтыру және спорт ұйымдарының қызметін қолдау және үйлестіру, мәдениет, архив ісі, дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық мемлекеттік мекемелердің қызметін қамтамасыз ету, сондай-ақ спорттық медицина ұйымдары қызметіне басшылықты жүзеге асыру;

104) музыка және театр өнері саласында репертуарлық саясатты үйлестіру;

105) республика (ауылдық, кенттік, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық) мәдениет ұйымдарының қызметін үйлестіру;

106) меншік нысанына қарамастан, шығармашылық одақтармен және басқа да ұйымдармен мәдениет мәселелері жөнінде өзара іс-қимыл жасау;

107) Министрлік реттейтін салада кадрларға қажеттілікті айқындау;

108) Орталық сараптамалық-тексеру комиссиясын құру;

109) орталық мемлекеттік және арнайы мемлекеттік архивтердің сараптамалық-тексеру комиссиялары туралы ережелерін бекіту;

110) мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен немесе сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік емес ұйымдар әзірлеген мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметінде қалыптасатын құжаттардың салалық (ведомстволық) тізбелерін келісу;

111) объектілерді тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану туралы, сондай-ақ оларды осы мәртебесінен айыру туралы қорытындыларды дайындау жөніндегі уәкілетті органның арнайы комиссиясын құру және оның жұмысын ұйымдастыру;

112) ұлттық мәдени игілік объектілерінің ерекше режимі жөніндегі сараптау комиссиясын құру;

113) тарихи-мәдени сараптама жүргізу қағидаларын бекіту;

114) тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындау тәртібін және пайдалану режимін бекіту;

115) тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу қағидаларын бекіту;

116) монументті өнердің жаңа құрылыстарын орнату қағидаларын бекіту;

117) монументті өнердің жаңа құрылыстарын орнату жөнінде комиссия құру және ол туралы ережені бекіту;

118) мемориалдық тақталарды орнатудың өлшемшарттары мен қағидаларын бекіту;

119) Қазақстан аумағындағы археологиялық зерттеулер нәтижесінде Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің жеке және заңды тұлғалары алған материалдар мен олжалар ғылыми тіркелгеннен және өңделгеннен кейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік музейлеріне беру қағидаларын бекіту;

120) Қазақстан Республикасының атынан халықаралық және республикалық маңызы бар ескерткіштерге меншік иесі өкілеттіктерін жүзеге асыру;

121) тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, есепке алу, мәртебе беру және мәртебесінен айыру қағидаларын бекіту;

122) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау міндеттемелерін беру қағидаларын бекіту;

123) тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүзеге асыру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

124) тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру қағидаларын бекіту;

125) республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту;

126) республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткішін мәртебесінен айыру және тарихи-мәдени сараптама қорытындысының және "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы"

1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының бесінші бөлігінің талаптары негізінде уәкілетті органның арнайы комиссиясымен келісу бойынша Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығару;

127) мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем және шығармашылық ұжымдарға "Академиялық" мәртебе берудің тәртібі мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

128) мемлекеттік театрлар мен концерттік ойын-сауық ұйымдарының сахналық қойылым құралдарын есепке алу, беру және есептен шығару нұсқаулығын әзірлеу және бекіту;

129) мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

130) мәдениет ұйымдары желісінің ең төменгі мемлекеттік нормативтерін және облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың, ауылдық деңгейлердегі мемлекеттік мәдениет ұйымдарының үлгілік штаттарын бекіту;

131) фильмге прокаттау куәлігін беру тәртібін әзірлеу және бекіту;

132) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарының қызметі қағидаларын әзірлеу және бекіту;

133) мәдениет саласындағы білім берудің барлық деңгейлерінің үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу;

134) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыруға қатысу;

135) Министрлік құзыретіне жататын мәселелер бойынша талдау жұмыстарын жүзеге асыру;

136) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлуді және орналастыруды бекіту;

137) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

138) өз құзыреті шегінде мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарының қызметін үйлестіру;

139) мәдениет саласында ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

140) мемлекеттік мәдениет ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізу;

141) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мәдениет және өнер қайраткерлеріне құрметті атақтар мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын беру, шығармашылық ұжымдарды марапаттау туралы ұсыныстар енгізу;

142) мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға "Ұлттық" мәртебесін беру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу;

143) барлық санаттағы мәдениет қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін ұйымдастыру;

144) Министрлік реттейтін салада мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерін әзірлеу және бекіту;

145) Министрліктің стратегиялық жоспарын бекіту;

146) мәдениет саласында ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру;

147) Министрлік реттейтін салада көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге талдау жүргізу;

148) саяси партиялармен, қоғамдық бірлестіктермен, үкіметтік емес ұйымдармен, кәсіптік одақтармен және өзге де ұйымдармен Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау;

149) жастар ұйымдарымен мәдениет мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

150) жастардың мәдениет мәселелері жөніндегі бастамаларын қолдауға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асыру;

151) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын әзірлеу және бекіту;

152) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәдениет, дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысын тағайындауды келісу;

153) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарының құжаттардың әмбебап жинақтарын қалыптастыруды, сақтауды және кітапхана пайдаланушыларына беруді жүргізетін, кітапхана ресурстарын өзара пайдалануды ұйымдастыруды жүзеге асыратын және басқа кітапханаларға әдістемелік көмек көрсететін облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, қалалық және аудандық, облыстық маңызы бар қаланың кітапханаларына "Орталық" мәртебесін беру тәртібін бекіту;

154) фильмді ұлттық деп тану қағидаларын бекіту;

155) фильмге прокаттау куәлігінің нысанын бекіту;

156) фильмнің индексін айқындау өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;

157) Ұлттық архив қорының құжаттары және оны жинақтау көздері туралы мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қор каталогін жүргізу және "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың сұрау салуларын қанағаттандыру үшін Мемлекеттік қор каталогінің ақпаратына қолжетімділікті және пайдалануды қамтамасыз ету;

158) Ұлттық архив қорының құжаттарын орталықтандырылған мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету;

159) орталықтандырылған мемлекеттік есепке алу қағидаларын бекіту;

160) мемлекеттік архивтердің үлгілік штаттарын бекіту;

161) құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қорын құру және сақтау қағидаларын бекіту;

162) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тәртіпке сәйкес Ұлттық архив қорының мемлекеттік меншіктегі құжаттарын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге уақытша әкетуге рұқсат беру;

163) тиісті жергілікті атқарушы органдармен келісілген Ұлттық архив қорының жинақтау көздерінің тізімдерін бекіту;

164) тарихи және өзге де құндылығы жоқ және практикалық маңызын жойған құжаттарды сақтау мерзімі мен жою тәртібін белгілеу;

165) республикалық меншіктегі тарихи және мәдени құжаттық ескерткіштерді қорғауды, оларды сақтауды және пайдалануды қамтамасыз ету;

166) автоматтандырылған архивтік технологиялар әзірлеу мен енгізуді ұйымдастыру, Ұлттық архив қорының құжаттары бойынша ақпараттық желі және деректер қорын құру;

167) басқа мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың, басқа мемлекеттердің жеке және заңды тұлғаларының сұрау салулары бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивтерінен шығатын архивтік анықтамалар мен архив құжаттарының көшірмелеріне апостиль қою;

168) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Ұлттық архив қорының мемлекеттік меншіктегі құжаттарын тұрақты сақтауға басқа мемлекеттерге беру;

169) Ұлттық архив қорын және Құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қорын қалыптастыру мен олардың жұмыс істеуі;

170) шетелдердегі Қазақстан Республикасының тарихы жөніндегі архив құжаттарын жинау және елге қайтаруды жүргізу;

171) Ұлттық архив қорының құжаттарын басып шығару қағидаларын бекіту;

172) Ұлттық архив қорының құжаттарын мемлекеттің, қоғамның және азаматтардың сұрау салулары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін басып шығаруды және пайдалануды ұйымдастыру;

173) Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры және архивтер туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

174) электрондық құжаттар мен электрондық архивті пайдалана отырып, іс қағаздарын жүргізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер саласындағы заңнамасының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

175) электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер, архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету мәселелеріне салааралық ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық ету;

176) мәдениет, дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті атқарушы органдарды, сондай-ақ архив ісін басқару және жүргізу органдарын үйлестіруді және әдістемелік басшылық етуді жүзеге асыру;

177) мемлекеттік рәміздер мен геральдикалық белгілер мәселелері жөніндегі сараптама кеңесін құру, сондай-ақ ол туралы ережені бекіту;

178) бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Министрлік реттейтін салаларда заттай нормаларды әзірлеу және бекіту;

179) Министрлік құзыретіне жататын мәселелер бойынша стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу;

180) қоғамдық маңызы бар әдебиетті сатып алу, басып шығару және тарату, сондай-ақ ұлттық фильмдерді жасау жөніндегі жұмысты республикалық деңгейде ұйымдастыру;

181) қоғамдық маңызы бар әдебиетті сатып алу, басып шығару және тарату қағидаларын әзірлеу және бекіту;

182) қоғамдық маңызы бар әдебиетті сатып алу жөніндегі сараптама комиссиясын құру және оның ережесі мен құрамын бекіту;

183) Министрліктің кадр саясатында гендерлік теңдік қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету;

184) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

185) мүгедектерді қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін немесе жеңілдікті шарттармен пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін, сондай-ақ жеңілдіктер мөлшерін белгілеу;

186) тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, тауарлардың шығарылған жерлерінің атауларын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның сұрау салуына сәйкес Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениетінің игілігі болып табылатын белгіленімдерді тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі, тауарлардың шығарылған жерлерінің атаулары ретінде пайдалану үшін келісу не келісуден бас тарту;

187) құзыретіне сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету кезінде тұтынушылардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету;

188) мемлекеттік кітапханалармен, мемлекеттік музейлермен, музей-қорықтармен және мемлекеттік архивтермен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша қызметтің ақылы түрлерін көрсету және олардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін ақшаны жұмсау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

189) мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлеу және бекіту;

190) мемлекет меншігіндегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысының мөлшерлемелерін белгілеу;

191) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп-ұстау қағидаларын бекіту;

192) ойын бизнесін ұйымдастырушының "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі мен нысандарын бекіту;

193) мәдениет, өнер және спорт саласындағы білім беру қызметін ұйымдастыру;

194) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру;

ведомстволардың функциялары:

1) тиісті салаларда нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді, сондай-ақ келісімдерді, меморандумдарды және шарттарды әзірлеу;

2) Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуды, оның халықаралық беделін нығайтуды қамтамасыз ету;

3) республикалық терминологиялық және ономастикалық комиссиялардың қызметін қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасында белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар беру;

5) тиісті органдарға Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының бұзылуына кінәлі лауазымды адамдарға тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы ұсыныстар енгізу;

6) орталық және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарында Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының сақталуын бақылау;

7) тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтің ақпараттық, әдістемелік қамтамасыз етілуін ұйымдастыру;

8) мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламаларды іске асыру жөніндегі қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылдарды жүзеге асыру;

9) жастар ұйымдарымен дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

10) ономастикалық комиссияның қызметін үйлестіру;

11) жастар арасында дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асыру;

12) ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою қағидаларын әзірлеу;

13) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының мәтінін орналастыру және пайдалану қағидаларын әзірлеу;

14) Министрлік ведомстволарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

15) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-насихаттау іс-шараларын жүзеге асыру;

16) заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар толтыру, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және әкімшілік жаза қолдану;

17) халықаралық ұйымдарда және халықаралық іс-шараларда мемлекеттің туризм саласындағы мүдделерін білдіру және олардың жұмысына қатысу;

18) туристік қызметтер көрсету қағидаларын әзірлеу;

19) туристерді орналастыру орындарын жіктеу қағидаларын әзірлеу;

20) туристік қызмет саласындағы мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту;

21) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуі үшін Туризм жөніндегі кеңестің дербес құрамын және ол туралы ережені әзірлеу;

22) мүдделі министрліктермен және басқа да атқарушы органдармен бірлесіп, туристерді қорғауды және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

23) Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі субъектілерінің "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-3-бабында көзделген міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету;

24) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісінің функцияларын жүзеге асыратын заңды тұлғаны айқындауы бойынша конкурсты өткізу;

25) туристік салаға инвестициялар тарту жөніндегі бірыңғай саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

26) туристік қызмет саласындағы заңнаманы қолдану тәжірибесін қорытып жинақтау және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

27) туристік қызмет саласында салааралық және өңіраралық үйлестіруді, туристік қызметті жүзеге асыратын отандық, шетелдік және халықаралық

туристік, қоғамдық және басқа да ұйымдармен және тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыру;

28) техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, туристік қызмет саласындағы стандарттау аясындағы қызметті реттеу;

29) Қазақстан мен оның туристік мүмкіндіктері туралы ақпаратты халықаралық туристік нарықта және мемлекет ішінде, оның ішінде туристік қызмет саласындағы республикалық және халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер өткізу жолымен тарату;

30) туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды және туристерді уақытша болатын елдегі (жердегі) ықтимал қауіптер туралы хабардар ету;

31) туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу;

32) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметтің басталғаны туралы хабарлама берген турагенттердің, гидтердің (гид-аудармашылардың), экскурсоводтардың және туризм нұсқаушыларының мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

33) туроператордың немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттерді туроператор мен турагенттің орындауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

34) Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

35) "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-3-бабында көзделген міндеттемелерді орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын туроператордың немесе туроператор-әуе кемесін жалдаушының Қазақстан Республикасының азаматтарына шығу туризмі саласында туристік қызмет көрсеткені анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензияны тоқтата тұру;

36) Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісінің Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын қорғау жөніндегі іс-қимылды жүзеге асыру туралы шешімін келісу;

37) Министрлік құзыретіне жататын мәселелер бойынша стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу;

38) "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес ойын бизнесі саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру;

39) Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының тестілерін өткізу қағидаларын әзірлеу;

40) Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерде өткізілетін спорттық іс-шараларға дайындалу және қатысу кезеңінде спортшыларды, жаттықтырушыларды және дене шынықтыру мен спорт саласындағы мамандарды, әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін қамтамасыз етудің заттай нормаларын әзірлеу;

41) халықаралық спорттық жарыстардың тізбесін, халықаралық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлерін, спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) жаттықтырушылары мен мүшелерін ақшалай көтермелеу төлемдерінің мөлшері мен қағидаларын әзірлеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметіне төлемдердің мөлшері туралы ұсыныстар енгізу;

42) спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу қағидаларын әзірлеу, Қазақстан Республикасының Үкіметіне олардың мөлшері туралы ұсыныстар енгізу және олардың төленуін қамтамасыз ету;

43) спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жүзеге асырылатын дене шынықтыру-спорт ұйымдары үшін спорт түрлері бойынша бағдарламаларды бекіту;

44) спорт федерацияларын аккредиттеу қағидаларын әзірлеу;

45) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша "Үздік спорт журналисі" атағын беру қағидаларын әзірлеу;

46) спорт түрлерінде пайдаланылатын жануарлар мен құстардың жем-азығы нормативтерін әзірлеу;

47) ойын бизнесін ұйымдастырушының "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі мен нысандарын әзірлеу;

48) лицензиардың электрондық тізілімін жүргізу;

49) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларын (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларды) Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарына және басқа да халықаралық жарыстарға даярлау жөніндегі ұйымдастыру комитеттерінің құрамдары бойынша ұсыныс енгізу;

50) республикалық спорттық медицина ұйымдарының басшыларын лауазымға тағайындау және лауазымынан босату;

51) ведомстволық статистикалық бақылаулар жүргізу;

52) дене шынықтыру және спорт саласындағы кадрларды даярлау, қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру қағидаларын әзірлеу;

53) аккредиттелген республикалық спорт федерацияларымен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, республикалық және халықаралық спорттық жарыстарды, оның ішінде ардагер спортшылар арасында өткізу;

54) жастардың қатысуымен спорт түрлері, оның ішінде ұлттық, техникалық және қолданбалы түрлері, бұқаралық спорт бойынша жарыстар өткізу;

55) дене шынықтыру және спорт саласындағы білім мен жетістіктерді, саламатты өмір салты қағидаттарын, оның ішінде жастар арасынан жоғары дәрежедегі спортшылардың қатысуымен насихаттауды жүзеге асыру;

56) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелерін халықаралық спорттық жарыстарға даярлауды және олардың қатысуын ұйымдастыру және жүзеге асыру;

57) дене шынықтыру мен спорт саласындағы ғылыми зерттеулерді, олардың нәтижелерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дене шынықтыру және спорт практикасына енгізуді ұйымдастыру және үйлестіру;

58) спортта допингке қарсы іс-шаралардың жүргізілуіне бақылауды жүзеге асыру;

59) спортшылар мен жаттықтырушыларға "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері", "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері", "Қазақстан Республикасының спорт шебері", "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы" спорттық атақтарын беру;

60) біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты нұсқаушы-спортшы, жоғары санатты ұлттық спорт төрешісі, ұлттық спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру ;

61) республикалық және өңірлік спорт федерацияларын аккредиттеуді жүзеге асыру;

62) спорт түрлері бойынша кешенді нысаналы бағдарламаларды және спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) спортшыларын даярлаудың жеке жоспарларын бекіту;

63) аккредиттелген республикалық спорт федерацияларының ұсынуымен спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама және штаттық құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамын жыл сайын бекіту;

64) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) бас жаттықтырушыларын және спорт түрлері бойынша мемлекеттік жаттықтырушыларды – республикалық аккредиттелген спорт федерацияларының ұсынуы бойынша, олимпиадалық спорт түрлері бойынша – Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада комитетімен келісу бойынша, паралимпидалық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық паралимпида комитетімен келісу бойынша лауазымдарға тағайындау және олардан босату;

65) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда спорттық жарақаттар алуы және мертігуі кезінде өтемақы төлемдерін төлеуді жүзеге асыру;

66) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелерін халықаралық спорттық жарыстарға даярлау және оған қатысу кезінде сақтандыруды қамтамасыз ету;

67) республикалық аккредиттелген спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесін бекіту және оның іске асырылуын қамтамасыз ету;

68) дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарының тізілімін жүргізу;

69) халықаралық және республикалық спорт жарыстарының ережелерін (регламенттерін) бекіту;

70) спорттық іс-шаралардың шығыстар құрылымын бекіту;

71) паралимпидалық, сурдлимпийдалық, арнаулы олимпиадалық спорт түрлері бойынша тиісті қоғамдық бірлестіктермен әзірленетін мүгедектерге арналған дене шынықтыру-спорт ұйымдарындағы спорт түрлерінің оқу-жаттығу процесі, даярлық кезеңдерінің мазмұны бойынша бағдарламаларды бекіту;

72) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға спорттық медицина ұйымдарының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу (тоқтату) туралы ұсыныстар енгізу;

73) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларының спорттық іс-шараларға даярлығын медициналық қамтамасыз етуге қатысу;

74) халықтың физикалық даму деңгейін айқындау;

75) Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі туралы, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған

кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

76) лицензиаттардың лицензияда көрсетілген талаптарды сақтауын бақылау;

77) тиісті салаларда Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

78) Министрлік реттейтін салада мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерін әзірлеу және бекіту;

79) спорттың басым түрлерінің республикалық тізбесін әзірлеу;

80) Қазақстан Республикасында спорт түрлерін саралау қағидаларын әзірлеу;

81) жергілікті атқарушы орган ұсынған спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесін келісу;

82) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдар өткізетін спорттық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлері үшін жүлделер құнының мөлшерін әзірлеу;

83) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.";

17-тармақ алып тасталсын;

3-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Министрліктің қызметін ұйымдастыру";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Министрліктің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.";

4-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Министрліктің мүлкі";

5-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев